

«Семей полигонының жабылғанына 30 жыл» толуына арналған
ашық кураторлық сағат (домалақ үстел) (23.09.2021)

ТЭ-19-1 тобы

Семей полигоны, Невада – Семей қозғаласына арналған домалақ үстел Жылу энергетика мамандығының 3-ші курс студенттерімен Тимс бағдарламасында өткізілді. Домалақ үстелдің алғашқы минуттарында топ кураторы оқытушы Бражанова Д.К. студенттерге алғы сөз ретінде, Қазақстан жазушылар одағының бірінші хатшысы О.О. Сулейменовтың бейбіт митингте айтқан сөздерін баяндап, сұрапыл Семей полигоны кезінде болған алапат жарылыстардың бейнебаяндарын көрсетті. Кіріспе сөзден кейін топ студенттері Максұтова А., Слямova Д дайындаған презентацияларын ұсынды. Презентация кезінде топ кураторы комментарийлер айтып, толықтырып отырды. Студенттер арасында алған әсерлері, алған жаңа білімдері, алып қосарлары сұралды. 4 студент өз ойларымен бөлісті.

Топ кураторы, Семей полигонын жабуға арналған Невада – Семей қозғаласы кезінде туындаған ән бар екенін баяндады. Заманы өзгерсе де, ұлтқа төнген қатер тұрғысында мазмұны өзгеріссіз тарихпен қайта келген сол оқиғаның ұранына айналған бір ән бар делінген. Заман-ай әні тыңдалып, бейнебаян (Семей қаласы, Карауыл елді мекенінде болған бейбіт митингтен үзінді) көрсетілді. Студенттер және домалақ үстел қатысушылары үлкен әсер алды. Әрине, Семей полигоны сияқты үлкен тақырыпқа 50 минут аздық етеді, дегенмен басты мәселелерді қозғалды.

Соңында кафедра меңгерушісі Нешина Е.Г., ақсақалдар кеңесінің мүшесі Бокижанов Ғ-И. М., аға оқытушы Мәди өз ойларымен бөлісті.

Домалақ үстел қатысушылары: ТЭ-19-1 тобының студенттері, «Энергетикалық жүйелер» кафедрасының аға оқытушылары: Нешина Е.Г., оқу бойынша декан орынбасшысы Баландин В.С, Байдүсенов Ғ.Н., Биличенко Е.Н., Сейтжаппаров Н.Қ., Бокижанов Ғ-И. М., Мәди П.Ш.

Домалақ үстелде қолданылған видео-материалдар, презентациялар қосымшада берілген.

- Жалпы алғанда рак ісігі сынақтар басталғалы бері үш есе өсті. Семей полигонына жақын нақ сол аудандарда жетілуіндегі әртүрлі ауытқулар, тәндік және естік кемшіліктер әрқилы сәбилер дүниеге ерекше көп келеді. Мамандардың айтуынша, соны бәрі нақ қысқа мерзімді және қалдықты радиацияның кесірінен болатын генетикалық мутациямен байланысты. Адамдар ғана емес, жер де азап шегеді. Жылма-жыл радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтады. Жерде орасан зор микроэлементтер: темір, мыс, магний және басқа металдар әртүрлі дәнді дақылдар адам организміне сіңеді.

